Ғылыми кеңесші, Қазақстан-Британ техникалық университетінің экономика ғылымдарының докторы, профессор, Сейтказиева Аружан Мукатаевнаның «8D04101» - дәрежесін алу үшін ұсынылған Нұрғазы Шыңғыс Әскербекұлының «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару: әдістеме және тәжірибе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамаларды талдау арқылы азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік және халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу тақырыбы қазіргі жаһандық сын-қатерлер мен экономикалық тұрақсыздық жағдайында ерекше өзектілікке ие.

Біріншіден, азық-түлік қауіпсіздігі халықтың өмір сапасының негізгі көрсеткіші ретінде елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық дамуы үшін аса маңызды фактор болып табылады. Әлемдік деңгейде азық-түлік жүйелеріне төнетін қауіп-қатерлер, инфляция және климаттық өзгерістер Қазақстанның да азық-түлік саясаты мен басқару жүйесіне бейімделуді талап етеді.

Екіншіден, мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен азаматтардың төзімділігін нығайту азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі факторлар ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда мемлекеттік қолдау жүйелері мен әлеуметтік саясаттың сапасы халықтың әлеуметтік осал топтарының өмір сүру деңгейіне тікелей әсер етеді.

Үшіншіден, мемлекеттік бағдарламалардың, заңнамалық базаның тиімділігін талдау және олардың азық-түлік қауіпсіздігіне әсерін бағалау азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайту және олардың әл-ауқатын арттыру үшін ерекше маңызға ие.

Осылайша, зерттеу тақырыбы ұлттық даму күн тәртібімен үндеседі және азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік саясат саласындағы шешімдерді әзірлеуге ғылыми негіз береді.

Диссертациялық жұмыс дербес орындалған ғылыми еңбек болып табылады және кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Бірінші тарауда — зерттелетін мәселенің ғылыми негіздері, азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік теориясы мен жақсы басқару теориясының негізгі тұжырымдамалары жан-жақты қарастырылған. Сонымен бірге шетелдік және отандық әдебиеттерді жүйелі шолу арқылы зерттеу аясындағы негізгі ғылыми тәсілдер мен ұғымдар анықталған.

Екінші тарау — диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негіздерін ашады. Бұл бөлімде қолданылған зерттеу стратегиялары, мәліметтер жинау және талдау әдістері (соның ішінде сандық және сапалық әдістердің үйлесімі) сипатталады. Әдістемелік негіздеме алынған нәтижелердің сенімділігі мен ғылыми жаңалығын қамтамасыз етеді.

Үшінші тарау — мемлекеттік саясаттың азық-түлік қауіпсіздігіне және халықтың әл-ауқатына әсеріне эмпирикалық шолу жасайды. Бұл тарауда зерттеу нәтижелерінің негізінде практикалық ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар мемлекеттік саясатты жетілдіруге және азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқат, мемлекеттік қолдау және төзімділік бағыттарындағы білімді байыту және білім беру процесінде болашақ мамандарды даярлауда ұсынылған тәсілдерді қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Докторант ғылыми ізденіс барысында өзін жауапты және шығармашыл зерттеуші ретінде көрсетті. Ғылыми жұмыс жүйелі құрылымымен, теориялық және практикалық тереңдігімен ерекшеленеді.

Докторант Ш.Ә. Нұрғазы диссертация тақырыбы шеңберінде 5 ғылыми мақала жариялады, олардың ішінде 1 мақала Scopus базасындағы Q2 рейтингтік журналында жарық көрген.

Қорытындылай келе, Ш.Ә. Нұрғазының «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін камтамасыз етудегі мемлекеттік басқару: әдістеме және тәжірибе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған және дербес ғылыми зерттеу болып табылады. Алынған нәтижелер зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыс өзектілігімен, әдіснамалық негізділігімен және қорытындыларының практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Нұрғазы Шыңғыс Әскербекұлының диссертациялық жұмысы «8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші
Қазақстан-Британ
техникалық университетінің
э.ғ.д., профессоры **А.М. Сейтказиева**

Подпись Сейтказиевой А.М. заверяю
Департамент
по развитию персонала